



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

суицидов» и «суицидологии» в Республиканский научно-практический центр психиатрии, психотерапии и наркологии МЗ РК (г. Алматы).

5. Направлять в Военный университет Российской Федерации г. Москва на полный курс обучения по специальности «Военная психология» военных абитуриентов (по 2-3 кандидата в течении 4-х лет). Данные специалисты восполнят кадровый резерв в войсках и преподавателей «Военной психологии» в Военном институте Вооруженных сил Республики Казахстан.

6. Главное управление боевой службы и главное управление воспитательной и социально-правовой работы пересмотреть систему несения службы часовыми по охране исправительных учреждений (2 часа вместо 3-х, несение службы на разных постах в течении суток, рассмотреть вопрос о несении службы методом патрулирования – *данные изменения помогут военнослужащим лучше распределять свое внимание и тем самым снизится нервное утомление*).

7. Организационно-мобилизационное управление Главного командования - Комитета Внутренних войск при призыве на срочную службу в первую очередь отбирать молодых людей, имеющих психологическое и педагогическое образование.

8. Проводить занятие по теме: «Предупреждение и профилактика суицидов в армейской среде».

Список использованных источников

1. «О мерах по профилактике суицидальных происшествий во Внутренних войсках МВД Республики Казахстан» КВВ № 1 от 28.05.2008 г.

2. «Руководство по психологической работе во Внутренних войсках МВД Республики Казахстан» № 541 от 30.12.2011 г.

3. Профессор Марко Саркьяпоне, Департамент наук в области медицины и здравоохранения, Результаты программы по исследованию распространенности, глубинных причин и факторов риска и защиты в области суицида и суицидальных попыток в Казахстане. Университет Молизэ (Италия)

УДК 364:[376.64:159.922.767]

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫ АСЫРАП АЛУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Даулетова Аяулым Маратқызы

aika.01.94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 5В090500-

Әлеуметтік жұмыс, мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А. Е. Манжугулова

Қазіргі таңда өзектілігі артып келе жатқан әлеуметтік мәселелер көп. Солардың ішінде маңызды орындардың бірі – балалардың әлеуметтік-психологиялық жағдайы, денсаулығы, қоршаған ортаның баланың өміріне белсенді қатынасуы, өздеріне және әлеуметке оңды қатынасы және оларды құқықтық жағынан қорғау. Бұл мәселелердің оңтайлы бір шешімі жетім және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларды дамытуға, тәрбиелеуге, оқытуға қатысты, теориялық және практикалық педагогикалық, психологиялық негіздерді айқындаумен байланысты. Қазақ елі жетімдерді далада қалдырмаған халық, осыдан шығар «Жетім көрсең жебей жүр» деген нақыл сөзі қалыптасқан. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата-анасынан ажыратылған, яғни олардың қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті толғандыруда. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» даму стратегиясына сай жетім балалар үйіндегі тәрбиелініп жатқан әрбір ұрпақтың жеке адам ретінде қалыптасуының шешуші

факторы ұлттық тәрбие деп көрсеткен. Жетім балалар тәрбиесіне қазіргі кезде ұлттық тәрбие тұрғысынан да көңіл бөліп, оларды тұлғалық қалыптастыру мәселесі бүгінгі күн талабы [1].

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев еліміздегі жетім, тастанды, ата-анасының қарауынан айырылған балалардың көптігіне және балалар үйлері мен интернат мекемелерінің қазіргі жай-күйіне назар аударып отыр. Бұл әлемдегі бірінші орында тұрған мәселе. Дамыған елдерде жетім балалар мәселесі қоғамдық жобалар арқылы шешіліп келеді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында баланы асырап алған адамдар немесе оған қамқорлық көрсеткен мекемелерге мемлекет және қоғам қолдау көрсетеді. Швецияда бала асырап алған отбасыларға қосымша қаржы беріліп, кеңес беретін психологтардың жұмысы тегін көрсетіледі[2,176.].

Еліміздегі мемлекеттік емес ұйым өкілдері тастанды немесе жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар үшін жастар үйлерін ашуды ұсынған болатын. Енді бірі балалар үйлерін жанұя түріндегі үйлерге ауыстыру керектігін айтады. Оның себебін балалар үйінен бала асырап алғандардың көбісінің баланы кері қайтарып жатқанымен түсіндіреді. Жетім балалар саны артқан сайын Үкімет тарапынан бөлінетін қаржы да арта түседі. Осы орайда, әлеуметтік сала бойынша жұмыс істеп жатқан үкіметтік емес ұйым мамандары ата-анасыз қалған балаларды жекелеген отбасыларына беру керек дейді [2].

Теориялық тұрғыдан жетім балалар туралы екі ұғым қалыптасқан. Олар: жетімдік және әлеуметтік жетімдік ұғымдары. Жетімдік-ерте кезден қалыптасқан адамзат қоғамындағы әлеуметтік мәселелердің бірі екені белгілі. Сан жылдық соғыстар, эпидемиялар, уайым-қайғы және т.б. бірнеше себептердің нәтижелері, балаларды ата-аналарынан айырып, жетімдер қатарына әкеп қосып отырған.Әлеуметтік жетімдік - бұл әлеуметтік құбылыс қоғамдағы балалар санынан көрінеді. Оған:

- ата-аналарынан айырылған;
- ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған;
- ата-ана қарауынсыз қалған;
- ата-анасы белгісіз кеткен балалар жатады.

Әлеуметтік жетімдік-отбасындағы кризистік жағдайдан пайда болатын құбылыс болып табылады. Әлеуметтік жетімдіктің негізгі себептері –отбасы рөлінің және ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігінің төмендеуі; отбасының, әсіресе, жас отбасының материалдық-тұрмыстық қиындықтарға төзе алмауы; мектеп, отбасы және қоғам арасында қарым-қатынастың жетіспеуі; отбасылық тәрбие құндылығының тиісті деңгейде насихатталмауы; балалар мен ата-ананың денсаулық жағдайы; некесіз бала туудың өсуі; ажырасу санының артуы; құқықты қолдану практикасының жетілмеуі. Отандық заңда әлеуметтік жетім балаларды екі категорияға бөліп қарастырады:

1. Жетім балалар
2. Қамқорсыз қалған балалар

Жетім балалар қатарына бір не екі бірдей ата-анасынан айырылған балалар жатады.

Қамқорсыз қалған балалар қатарына - ата-анасы бар, бірақ, олармен әртүрлі жағдайдың нәтижесінде байланыстары үзілген балалар жатады. Бұл туралы ҚР 1998 жылғы 17 желтоқсанда қабылданған ҚР-ның “Неке және отбасы туралы” «Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау» туралы, бала асырап алудың тәртібі, оның құқықтық салдары қарастырылған (12-тарау) [3].

Бала асырап алудағы құқықтар мен міндеттер:

1. Баланы асырап алушы баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығы, дене, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуы жөнінде қамқорлық етуге міндетті.
2. Бала асырап алушы баланың пікірін және уәкілетті қорғаншы мен қамқоршы органдардың нұсқамасын ескере отырып, заңға қайшы болмаған жағдайда өз бетінше тәрбие беруге құқылы.
3. Бала асырап алушы баланың пікірін ескере отырып, оның міндетті орта білім алғанға дейін білім беру мекемесін және баланы оқыту нысанын таңдауға құқығы бар және баланың міндетті түрде орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Шетелдік бала асырап алушылар Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктеріне және консулдық мекемелеріне асырап алған баланың денсаулық жағдайы туралы есеп береді.

5. Шетелдік азаматтардың, соның ішінде балалардың туыскандары болып табылатын адамдардың, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұратын Қазақстан азаматтарының балаларды асырап алуы туралы істері аудандық (қалалық) соттарда қаралады.

Бала асырап алушының және асырап алынған баланың құқықтары мен міндеттері баланы асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап туындайды. Сот баланы асырап алу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде осы шешімнің көшірмесін шешім шығарған орны бойынша азаматтық хал актілерін жазатын орган мен қорғаншы және қамқоршы органға жіберуге міндетті. Бала асырап алу азаматтық хал актілерінің мемлекеттік тіркеуі үшін белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс [4].

Мемлекет тарапынан көрсетілетін нақты көмектердің бірі – жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға кешенді көмек ретінде оларды түрлі мекемелерге орналастыру жұмыстары болып табылады. Олар:

1. Отбасылық балалар үйі – бұл бір немесе бірнеше жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларды асырауға алған отбасы. Мұндай отбасылар бірнеше жылға келісімшартқа отыру арқылы құрылады. Отбасылық балалар үйінің бірнеше түрі бар: бір немесе бірнеше бала асыраушы отбасы, тәрбиешімен бірге тұратын отбасы, асырап алған балалары мен өзінің балалары тұратын отбасы.

2. Отбасы типіндегі балалар үйі – бұл арнайы отбасы типінде құрылған балалар үйі. Оның интернаттық мекемелерден айырмашылығы, бала тұлға ретінде әлеуметтік қалыптасуы, тәрбиеленуі үшін қолайлы жағдайлар туғызатын отбасыға түседі.

3. Жетім балалар мен ата – ана қамқорлығынан айырылған балаларға арналған мектеп-интернаттар. Интернат (латын тілінен аударғанда «ішкі» деген мағынаны білдіреді) – жартылай немесе толық мемлекеттік қамтамасыздандырудағы білім беру мекемесі, мұнда балалар тұрады, білім алады, яғни, оларды күтіммен қамсыздандырады.

4. Приюттар – қиын өмірлік жағдайға тап болған баланың тұрғылықты жерін, оны мақсатты орналастыру мүмкіндіктерін анықтау үшін уақытша өмір сүру мекемелері.

5. Балалар ауылдары – (SOS – Киндердорф) отбасына жақын түрінде жетім балаларды тәрбиелеу мекемесі. Балалар ауылы 1949 жылы австриялық педагог Герман Гмайнермен құрылған, қазір дүние жүзінде 120 мемлекетте бар. Ал ҚР –да Алматы, Астана, Теміртау қалаларында жұмыс істейді [5].

«1999 жылы еліміздегі жетім балалар саны 98 мың еді. Қазір ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны әлдеқайда азайып, 34 785 бала жетім балалар қатарында. Жетім балалар санын азайту үшін мемлекет көп шараларды қолға алды. Оның үстіне, халықтың бала асырап алуға деген көзқарасы өзгерді. 2004 жылы патронаттық тәрбие туралы қаулы қабылданып, қазір 2 мыңға жуық жетім бала патронаттық тәрбиеде», - деді балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрайымының орынбасары Бақыт Әлібаева. Оның айтуынша, бұл жауапкершілікті мойнына алғандар қазір 32-40 мың теңге көлемінде жалақы алып отырады. «2011 жылдан бері қамқоршылар материалдық көмек ретінде 10 айлық есептік көрсеткіш ретінде жәрдемақы алады. Қазір 22 мың бала қамқоршылық және қорғаншылық тәрбиеде», - деп толықтырды ол [5].

Жетімдіктің алдын алу шаралардың тиімді жолдарының бірі - бала асырап алу болып табылады. Бала асырап алу процессі — қамқорлық пен патронаттық бойынша қажетті ақпарат жинаудан, заңнамамен танысудан, ата-ана қамқорынсыз қалған балаларды орналастырудың барлық ықтимал нысандары бойынша түсініктемелерден басталады. Көптеген аспектілер бойынша оларға тиімді ресурс – балалар деректерінің Интернет-банкі көмектесе алады. Бала асырап алу үшін қажетті құжаттардың тізімі:

-бала асырап алу тілегі туралы жазбаша өтініш;

- тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру туралы өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- бала асырап алуға жақын туыстарының жазбаша келісімі;
- достарынан немесе көршілерінен кем дегенде үш ұсыныс хат;
- жиынтық табыс көлемі туралы анықтамалар;
- отбасы жағдайы туралы анықтамалар;
- денсаулық жағдайы, оның ішінде психикалық саулығы, есірткіге (уытқұмарлыққа), алкогольге тәуелді еместігі туралы анықтаманы;
- сотталмағаны туралы анықтама;
- тұрғын үйінің бар-жақтығын растайтын құжат;
- бала асырап алуға үміткер ретінде тіркелген жер бойынша органның бала асырап алушы болу мүмкіндігі туралы берген қорытындысы [7].

Бұл шараны пайдалануға ұзақ уақыт, ата-ананың екеуінің де болуы, экономикалық-материалдық жағдайының төмен болмауы, сонымен қатар тұрғылықты мекен-жайы болуы тиіс.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев еліміздегі жетім, тастанды, ата-анасының қарауынан айырылған балалардың көптігіне және балалар үйлері мен интернат мекемелерінің қазіргі жай-күйіне назар аударып отыр. Бұл әлемдегі бірінші орында тұрған мәселе. Дамыған елдерде жетім балалар мәселесі қоғамдық жобалар арқылы шешіліп келеді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында баланы асырап алған адамдар немесе оған қамқорлық көрсеткен мекемелерге мемлекет және қоғам қолғабыс көрсетеді. Швецияда бала асырап алған отбасыларға қосымша қаржы беріліп, кеңес беретін психологтардың жұмысы тегін көрсетіледі[8]. Еліміздегі мемлекеттік емес ұйым өкілдері тастанды немесе жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар үшін жастар үйлерін ашуды ұсынған болатын. Енді бірі балалар үйлерін жанұя түріндегі үйлерге ауыстыру керектігін айтады. Оның себебін балалар үйінен бала асырап алғандардың көбісінің баланы кері қайтарып жатқанымен түсіндіреді. Жетім балалар саны артқан сайын Үкімет тарапынан бөлінетін қаржы да арта түседі. Осы орайда, әлеуметтік сала бойынша жұмыс істеп жатқан үкіметтік емес ұйым мамандары ата-анасыз қалған балаларды жекелеген отбасыларына беру керек дейді.

Жетім балалардың мәселесін шешудің жолы кеңінен таралған түріне – патронаттық тәрбиені қолға алу болып табылады. Патронаттық тәрбие-ең тиімді, әрі қолжетімді, кез-келген мемлекетте қолданысқа ие жетімдіктің алдын алу шараларының бірі болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта патронаттық тәрбие маңызы күннен күнге артып келеді. Патронаттық тәрбиенің жетімдіктің алдын алуға және баланың үлкендермен айналасындағы адамдардың тұрақты түрде қарым - қатынас жасап отыруына және олардың психикасының дұрыс дамуына әсері мол. Мемлекет қарамағындағы жетім балаларға отбасылық тәрбие беру тәжірибесі жүйелі жолға қойылуда. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды патронаттық тәрбиеге алу. Бұл ретте елімізде көптеген отбасылар жетімін жылатпаған ел екенімізді дәлілдеп, мектеп-интернаттардан бауырларына бала басуға құлышынып отырғандары да баршылық.

Патронаттық тәрбие –жетімдіктің алдын алудың екінші бір оңтайлы тәсілдердің бірі. Бұл тәрбиенің негізі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, соның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе осы тәрізді басқа да мекемелердегі кәмелетке толмаған балаларға берілетін қорғаншылық және қамқоршылық тәсілдерінің бірі. Ал, патронат отбасы дегеніміз – жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы уәкілетті орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам арасындағы жасалатын шарт бойынша отбасына тәрбиелеуге берген кезеңдегі нысан. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – ата-ана құқықтарының шектелуіне немес олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануы на, әрекетке қабілетсіз деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айырыу орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде

ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғыз асты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған 18 жасқа дейінгі тұлға. Патронаттық тәрбие беру жүйесінде әлеуметтік бейімдеу ерекшелігі бала мен отбасын сүйемелдеу қызметінің қатысуымен бала мен отбасының өзара әсерін ескере отырып, баланы жаңа отбасына бейімдеудің факторлары мен шарттарын анықтаудан тұруы тиіс [9,366.]. Жасалынған жағдай бірінші кезекте бейімдеу механизмін қамтамассыз етуге бала мен патронат тәрбиешілер арасында жаңадан жақсы көру сезімін қалыптастыру мен қабылдау қатынастарын орнатуға бағытталуы тиіс. Бала өмірінің алғашқы жылдарында үй ішіндегі қарым - қатынас оның ойлау жүйесі мен сөйлеу тілінің дамуына зор үлес қосады. Баланың үлкендермен және айналасындағы адамдармен тұрақты түрде қарым - қатынас жасап отыру қажеттігінің өмірлік мәні бар және оның психикасының дұрыс дамуына да тікелей байланысты болмақ. Ата - аналардың балаға деген оң қатынасында маңызды рөл атқарады. Эмоционалдық тұрғыдан сәтсіз балаларда интеллектуалдық және танымдық белсенділіктері төмен болады, ішкі қуаттың бәрі алаңдаушылықпен күреске, өзінде жетіспейтін эмоционалдық жылылықты іздеумен бейімделумен кетеді [10,1086.].

Қорыта келе, кез келген баланың көңілі сезгіш, олардың өмір жолын таңдауға өз құқығы бар. Сондықтан біз оларға үлкен өмірдің таңдауын жасарда көмек қолын созсақ, сәттілік әкеледі. Бала жаны әрқашан жылу мен мейірімді қажет ететінін естен шығаруға болмайды. Біздің өзіміздің адамгершілігіміз, өз жұмысымызға берілуіміз, баланы сыйлап қадірлеуіміз, әділ шешім шығару арқылы қатаң да дұрыс талап қоя білуіміз маңызды. Қоғамдағы жетім балалар жайлы қалыптасқан теріс көзқарасты сейілту үшін стратегия жасау, патронаттық отбасыларға балаларды қабылдаудың оң тәжірибесін таратуға бағытталған үгіт-насихат жүргізу әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға өз септігін тигізері сөзсіз. Бұл мәселе бойынша, қоғамға әсер етудің мықты қаруы бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Ата –анасыз қалған балалардың демеу үрдісіне азаматтар мен ұйым қызметкерлерін қатыстыру, мекемеаралық өзара әрекеттестік механизмдерін тудыру және қоғамның толық мүшесі болуы үшін жетім балалардың жағдайын өзгертудің негізін салу - қоғамның басты міндеті. Қоғамдағы жетім балалар жайлы қалыптасқан теріс көзқарасты сейілту үшін стратегия жасау, патронаттық отбасыларға балаларды қабылдаудың оң тәжірибесін таратуға бағытталған үгіт-насихат жүргізу әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға өз септігін тигізері сөзсіз. Бұл мәселе бойынша, қоғамға әсер етудің мықты қаруы бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Ата –анасыз қалған балалардың демеу үрдісіне азаматтар мен ұйым қызметкерлерін қатыстыру, мекемеаралық өзара әрекеттестік механизмдерін тудыру және қоғамның толық мүшесі болуы үшін жетім балалардың жағдайын өзгертудің негізін салу -қоғамның басты міндеті.

Қолданылған әдебиет

1. <http://www.egemen.kz> Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
3. <http://www.enu.kz> «Қазіргі қоғамның мәселесі ретінде» Серикбекова А.С, Каирбекова Г.Е. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.
4. [kazhttp://bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-59-56/2011-08-21-04-16-55/443-2010-03-04-10-33-05](http://bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-59-56/2011-08-21-04-16-55/443-2010-03-04-10-33-05)
5. <http://www.bala-kkk.kz/kk/node/426>
6. Исахова Г. Д. Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеуметтік-психологиялық жағдайларын теориялық талдау. С.206 / Астана, 2013ж.
7. <http://www.syrboyi.kz/kogam/4798-elbasy-zholdauyna-haly-oldauy.html>
8. <http://www.moluch.ru/archive/61/9112/>
9. Зинаханова У. Т. Жетім балалардың мәселесін шешудің жолы – патронаттық

тәрбиені қолға

10. алу / У. Т. Зинаханова // Молодой ученый. — 2014. — №2.1. — С. 36-38.

11. Балалар үйінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. — Астана, 2007. — 117 б.

УДК 316. 346. 32

О МЕХАНИЗМАХ И ПРИНЦИПАХ РАЗРЕШЕНИЯ ТРУДОВЫХ КОНФЛИКТОВ

Джумасова Гульсум Сабыровна

gulsum29@mail.ru

Магистрант 2 курса по специальности «Социальная работа», Факультет социальных наук, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Есимова Д.Г.

Среди основных тенденций развития Казахстана прослеживаются процессы, которые с одной стороны связаны с формированием качественно новых правовых социально-трудовых отношений, а с другой - нарастанием в них конфронтации, социальной напряженности, о чем свидетельствует систематическое увеличение трудовых коллективных споров и конфликтов на предприятиях республики.

Основными требованиями, выдвигаемыми работниками в ходе трудовых конфликтов, являются требования о повышении заработной платы, несвоевременная выплата работодателями заработной платы, а также улучшение условий труда.

Сам термин «трудовой конфликт» употребляется в нашем законодательстве с 1989 г., когда приняли Закон СССР «О порядке разрешения коллективных трудовых споров (конфликтов)». Главными субъектами трудового конфликта выступают работники и их представители, работодатели и их представители, государственные органы и местные исполнительные органы [4].

Трудовой конфликт представляет собой всесторонний многоуровневый феномен социально-трудовых отношений: на макроуровне (крупномасштабное противоборство различных социальных сил, имеющих противоположные экономические и политические цели), на микроуровне (противоречие интересов работников и работодателей в пределах отрасли, региона, предприятия), на межличностном уровне: работник — работодатель, работник — руководитель и др.

В то же время наука не дает точного ответа на вопрос, где кончается конфликт обычный и начинается конфликт трудовой.

Наличие конфликта в социально-трудовой сфере – объективное и закономерное явление, не обязательно угрожающее экономической или политической системам. Конфликт стимулирует экономическое и политическое развитие общества, способствуя перегруппировке социальных сил, общему прогрессу социально-экономической сферы, формированию новых социально-трудовых отношений. По образному выражению специалистов, социальное партнерство вырастает из трудового конфликта.

Анализ способов, применяемых руководством в случае возникновения социально-трудовых конфликтов, показывает, что, когда работодатель либо «стремится не замечать» возникающие конфликты, либо «стремиться подавить все конфликты без разбора», конфликтные взаимодействия между оппонентами – работниками и руководителями – обостряются: число деловых и межличностных конфликтов возрастает, удовлетворенность взаимоотношениями снижается. И наоборот, когда работодатель гибко использует разнообразный арсенал способов и форм разрешения социально-трудовых конфликтов, стремится выявить и устранить реальные причины возникновения конфликтных ситуаций, доминируют положительные функции конфликта, причин, приводящих к их возникновению